

FTAMP 15.21.51

<https://doi.org/10.26577/JPsS20269835>

**А.А. Лиясова^{1*}, Л.О. Баймолдина¹, Г.П. Абсатарова²,
Р.К. Керимбаева³, У. Жамирова³**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

³М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

*e-mail: aigulkaznu.80@mail.ru

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӘЛ-АУҚАТЫ: ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Психологиялық денсаулық пен психологиялық әл-ауқат қазіргі психологияда адамның позитивті қызмет етуінің әртүрлі қырларын сипаттайтын, өзара тығыз байланысты болғанымен, мазмұны жағынан бірдей емес конструктілер ретінде қарастырылады. Психологиялық денсаулық пен психологиялық әл-ауқат мәселелері кеңінен зерттелгеніне қарамастан, жоғары оқу орындары оқытушыларының психологиялық әл-ауқатына психологиялық денсаулықтың қай компоненттері дербес үлес қосатыны жеткілікті деңгейде анықталмаған. Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындары оқытушылары арасында психологиялық денсаулық векторлары мен психологиялық әл-ауқат компоненттері арасындағы өзара байланыстардың сипатын, айқындылық деңгейін және құрылымын анықтау. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы психологиялық денсаулық пен психологиялық әл-ауқаттың тұлғаның позитивті қызмет етуінің өзара байланысты, бірақ дербес конструктілері ретіндегі арақатынасын эмпирикалық тұрғыдан нақтылауда көрінеді. Зерттеу көлденең корреляциялық дизайнға әдіснамаға негізделіп жүргізілді. Зерттеуге ҚР жоғары оқу орындарының 356 оқытушысы қатысты. Деректерді талдау үшін корреляциялық, көптік регрессиялық талдау әдістері қолданылды. Нәтижелер психологиялық әл-ауқаттың, денсаулықтың көптеген векторларымен статистикалық тұрғыдан мәнді байланыста екенін көрсетті. Ең күшті байланыстар стратегиялық, интеллектуалдық, әлеуметтік бағдарланған, шығармашылық, рухани және гуманистік векторлармен анықталды, ал отбасылық вектор статистикалық тұрғыдан мәнді байланыс көрсетпеді. Көптік регрессиялық талдау психологиялық денсаулық көрсеткіштерінің психологиялық әл-ауқат вариативтілігін түсіндіруге елеулі үлес қосатынын көрсетті, ал отбасылық вектордың ресурстық қызметі туралы гипотеза расталмады. Зерттеудің құндылығы Қазақстандағы жоғары оқу орындары оқытушылары іріктемесінде психологиялық денсаулық пен психологиялық әл-ауқат арасындағы өзара байланыстың ерекшеліктерін анықтауда жатыр. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындары оқытушыларын психологиялық сүйемелдеу және кәсіби қолайсыздықтың алдын алу бағдарламаларын әзірлеуде практикалық маңызға ие.

Түйін сөздер: психологиялық денсаулық, психологиялық әл-ауқат, жоғары оқу орындарының оқытушылары, тұлғаның позитивті қызмет етуі, психологиялық ресурстар.

A. Liyassova^{1*}, L. Baimoldina¹, G. Absatarova²,
R. Kerimbayeva³, U. Zhamirova³

¹Farabi University, Almaty, Kazakhstan

²Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Kazakhstan

³Taraz University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan

*e-mail: aigulkaznu.80@mail.ru

The structure of relationships between psychological health and well-being among university faculty

Psychological health and psychological well-being are regarded in contemporary psychology as closely related yet conceptually distinct constructs reflecting different dimensions of positive human functioning. Despite extensive research on psychological health and well-being, limited evidence exists regarding which components of psychological health make an independent contribution to the psychological well-being of university faculty members. The aim of this study was to examine the nature, strength, and structure of the relationships between the vectors of psychological health and the components of psychological well-being among university faculty. The scientific significance of the study lies in providing empirical evidence that clarifies the relationship between psychological health and psychological well-being as independent yet interrelated constructs of positive personal functioning. The study

employed a cross-sectional correlational design. A total of 356 university faculty members participated in the research. Correlation analysis and multiple regression analysis were used to analyze the data. The findings demonstrated that psychological well-being was significantly associated with most vectors of psychological health. The strongest relationships were observed for the strategic, intellectual, socially oriented, creative, spiritual, and humanistic vectors, whereas the family vector showed no statistically significant association. Multiple regression analysis further revealed that psychological health indicators made a significant contribution to explaining the variance in psychological well-being, while the hypothesis concerning the resource function of the family vector was not supported. The value of the study lies in identifying the specific relationships between psychological health and psychological well-being among university faculty in a Kazakhstani sample. The findings may be applied in the development of psychological support and prevention programs aimed at reducing professional maladjustment and promoting the well-being of university faculty.

Keywords: psychological health, psychological well-being, university faculty, positive personal functioning, psychological resources.

А.А. Лиясова¹*, А.О. Баймолдина¹, Г.П. Абсатарова²,
Р.К. Керимбаева³, У. Жамирова³

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

³Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

*e-mail: aigulkaznu.80@mail.ru

Психологическое здоровье и благополучие преподавателей вузов: структура взаимосвязей

Психологическое здоровье и благополучие рассматриваются в современной психологии как взаимосвязанные, но не тождественные конструкты, отражающие различные аспекты позитивного функционирования человека. Несмотря на многочисленные исследования психологического здоровья и благополучия, остается недостаточно изученным, какие именно компоненты психологического здоровья вносят самостоятельный вклад в психологическое благополучие преподавателей вузов. Цель исследования состоит в определении характера, выраженности и структуры взаимосвязей между векторами психологического здоровья и компонентами психологического благополучия у преподавателей вузов. Научная значимость исследования заключается в эмпирическом уточнении характера взаимосвязи психологического здоровья и психологического благополучия как самостоятельных, но взаимосвязанных конструктов позитивного функционирования личности. Методология исследования основана на кросс-секционном корреляционном дизайне. В исследовании приняли участие 356 преподавателей высших учебных заведений. Для анализа данных использовались корреляционный и множественный регрессионный анализ. Основные результаты показали, что психологическое благополучие статистически значимо связано с большинством векторов психологического здоровья. Наиболее выраженные взаимосвязи выявлены со стратегическим, интеллектуальным, социально ориентированным, творческим, духовным и гуманистическим векторами, тогда как семейный вектор статистически значимой связи не продемонстрировал. Регрессионный анализ показал, что показатели психологического здоровья вносят значимый вклад в объяснение вариативности психологического благополучия, тогда как гипотеза о ресурсной функции семейного вектора не получила подтверждения. Ценность исследования заключается в установлении особенностей взаимосвязи психологического здоровья и психологического благополучия преподавателей высших учебных заведений на казахстанской выборке. Практическое значение результатов исследования состоит в использовании полученных данных при разработке программ психологического сопровождения и профилактики профессионального неблагополучия преподавателей высших учебных заведений.

Ключевые слова: психологическое здоровье, психологическое благополучие, преподаватели вузов, позитивное функционирование личности, психологические ресурсы.

Кіріспе

Жоғары оқу орны оқытушыларының психологиялық денсаулығы қазіргі психологияның өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр. Халықаралық зерттеулерде жоғары оқу орны оқытушылары арасында кәсіби күйзеліс, маза-

сыздық және эмоционалдық қажу деңгейінің жоғары екені жүйелі түрде тіркеледі (Agyarong et al., 2022). Ал тұлғаның позитивті ресурстары аз зерттелген.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі жоғары болғанымен, аталған мәселені қайта қарастырудың бірнеше дәйекті негізі бар. Бірінші-

ден, жарияланған еңбектердің басым бөлігі екі конструктінің байланысын жалпы интегралдық көрсеткіштер деңгейінде тіркеумен шектеледі, ал психологиялық денсаулықтың қай нақты компоненттері әл-ауқаттың қай өлшемдеріне дербес үлес қосатыны, яғни байланыстың ішкі құрылымы, эмпирикалық тұрғыдан ашылмаған күйінде қалып отыр. Келесі назар аудартатыны, әдебиеттегі нәтижелер бір-біріне қайшы келеді. Мысалы, бір континуум моделі мен екі континуум моделінің арасындағы пікірталас (Keyes, 2002; Iasiello et al., 2020) әлі шешімін таппаған, ал оны тек жаңа эмпирикалық деректер, оның ішінде байланыс күшінің нақты бағалары ғана айқындай алады. Зерттеудің іріктемелеріндегі ерекшеліктерге келер болсақ, зерттеулердің басым бөлігі батыс іріктемелерінде немесе мектеп мұғалімдері арасында жүргізілген, ал Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан жоғары оқу орындарының оқытушылары бойынша мұндай деректер іс жүзінде аз. Оқытушылық еңбектің мәдени-ұйымдастырушылық контексті байланыс құрылымына ықпал етуі мүмкін болғандықтан, нәтижелерді бір мәдени контекстен екіншісіне тікелей көшіру негізсіз. Яғни, зерттеудің өзектілігі байланыс құрылымын компоненттік деңгейде, жаңа мәдени контексте және қатаң психометриялық бақылау жағдайында нақтылау қажеттілігінде жатыр.

Қазақстан жағдайында бұл міндет қолданбалы тұрғыдан да негізделген. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы Кодекс халыққа психологиялық көмек көрсету жүйесін дамытуды көздейді. Мұндай жүйенің тиімділігі нақты кәсіби топтардың психологиялық жағдайы туралы эмпирикалық деректерге сүйенуді талап етеді (ҚР Кодексі, 2020).

Екі құбылыстың ара-қатынасы қазіргі әдебиеттерде бірдей сипатталмай, үш деңгейде сәйкессіздік анықталады. Тұжырымдылық деңгейде бір бағыттағы авторлар психологиялық әл-ауқатты психологиялық денсаулықтың көрсеткіші, яғни бір континуумның жоғарғы полюсі ретінде қарастырса (Дубровина, 2020), екінші бағыт оларды салыстырмалы тәуелсіз екі континуум деп санайды (Keyes, 2002; Iasiello et al., 2020).

Эмпирикалық деңгейде Ruini және бірлескен авторлар (2003) әл-ауқат пен дистресс арасында орташа күштегі теріс байланысты тіркесе, Leonardi мен Astuti (2023) педагог мамандар

іріктемесінде едәуір күшті байланыс анықтаған ($r = -0,522$), яғни байланыс күші туралы деректер өзара сәйкес келмейді.

Әдіснамалық деңгейде бұл алшақтық әдетте өлшенетін конструктілердің әртүрлілігімен түсіндіріледі, дегенмен аталған болжам дефицитарлық және эвдемониялық әдістемелерді бір іріктемеде қатар қолдану арқылы тікелей тексерілмеген.

Қазақстандық зерттеу кеңістігінде психологиялық әл-ауқат негізінен субъективті қанағаттану, құндылық бағдарлары және күйзеліске төзімділік тұрғысынан зерттелген (Аскарова, 2016; Сабирова және т.б., 2023), ал дефицитарлық және эвдемониялық көрсеткіштердің өзара байланысының құрылымы эмпирикалық тұрғыда сипатталмаған. Зерттеудің ғылыми олқылығы осы тұста анықталады, яғни көп өлшемді құбылыс ретіндегі психологиялық денсаулықты жан-жақты түсіну қажеттігі мен оның эвдемониялық әл-ауқатпен байланысының эмпирикалық негіздемесінің жеткіліксіздігі арасында.

Зерттеу нысаны-тұлғаның психологиялық денсаулығы мен психологиялық әл-ауқатының өзара байланысы болып табылады. Зерттеу пәні-дефицитарлық көрсеткіштер мен эвдемониялық әл-ауқат компоненттері арасындағы байланыстардың құрылымы мен күші. Зерттеудің мақсаты-жоғары оқу орны оқытушыларында психологиялық денсаулық векторлары мен психологиялық әл-ауқат компоненттері арасындағы байланыстың сипатын, күшін және құрылымын анықтау. Мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: екі құбылыстың арақатынасы туралы қазіргі тәсілдерді салыстырмалы талдау; қолданылған әдістемелердің осы іріктемедегі психометриялық көрсеткіштерін бағалау; байланыстардың құрылымын корреляциялық талдау арқылы сипаттау; векторлардың әл-ауқатқа қосатын бірлескен үлесін көп өлшемді регрессия арқылы бағалау.

Зерттеу болжамдары:

H1. Психологиялық әл-ауқат компоненттері мен психологиялық денсаулықтың дефицитарлық векторлары арасындағы теріс байланыстар барлық векторлар бойынша біркелкі болмайды, ең күшті байланыстар мінез-құлықтың когнитивті-мағыналық және стратегиялық реттелуіне қатысты векторлармен байқалады.

H2. Отбасылық вектор өзге векторлардан ерекшеленеді. Әлеуметтік қолдау туралы әдебиетке сүйене отырып, оның әл-ауқат көрсеткіштерімен оң байланыс көрсетуі күтіледі, яғни

ол дефицитарлық қызметтен гөрі ресурстық функция атқарады деп болжанады.

НЗ. Байланыстардың шамасы орташа деңгейден аспайды, яғни екі құрылым ішінара қабаттасады, дегенмен бір-біріне сәйкес келмейді. Мұндай көрініс екі континуумды тәсілмен үйлеседі, дегенмен корреляция шамасының өзі бұл модельнің толыққанды эмпирикалық сынағы болып саналмайды.

Жұмыс мәселені құрылымдық жазықтыққа көшіреді және дефицитарлық пен эвдемониялық өлшеу дәстүрлері қай нүктеде түйісетінін, қай аймақта дербес қалатынын анықтауға бағытталады. Осыған сәйкес жұмыс төрт бағытта жаңалық ұсынады:

Теориялық пікірталасты шешудің операциялдық критерийін тұжырымдайды, өйткені бір континуумды тәсіл байланыстардың жоғары шамасын талап етеді, ал екі континуумды тәсіл орташа шамамен қанағаттанады.

Екі диагностикалау әдістемелерінің қиылысу аймағының психологиялық мазмұнын жеке шкалалар деңгейінде ашуға мүмкіндік беретін талдау схемасын қолданады.

Отбасылық салаға бағдарлануды алынған әлеуметтік қолдаудан ажыратып, олардың әлауқатпен байланысын бөлек тексереді.

А.В. Козлов әдістемесінің баспа нұсқасында хабарланған сенімділік көрсеткіштерін Қазақстандық іріктемеде алынған Кронбах альфасымен салыстырады, бұл екі көрсеткіштің сипаты мен қолданылу популяциясы неге алшақтауы мүмкін екенін нақтылайды.

Әдебиеттерге шолу

Психологиялық денсаулық пен психологиялық әлауқат ұғымдарына салыстырмалы талдау

Психологиялық денсаулық пен психологиялық әлауқат ұғымдарының арақатынасы туралы қазіргі әдебиеттерде үш түрлі позицияны ажыратуға болады. Бірінші позиция екі ұғымды функционалдау деңгейлері бойынша ажыратады. Coronel-Santos пен Rodríguez-Macías (2022) әртүрлі парадигмаларды жүйелі шолу негізінде психологиялық денсаулықты когнитивті, эмоционалды және мінез-құлық салаларының ішкі тепе-теңдігі, өзін-өзі реттеуі және бейімделуі ретінде анықтайды, яғни оны психикалық ауытқулардың болмауымен шектемейді. Cilar Budler (2025) осы бағытты жалғастыра отырып, психикалық денсаулық негізінен когнитивті-эмоционалды қызметтің сақталуын білдірсе, психоло-

гиялық денсаулық эмоционалды әлауқатты, әлеуметтік дағдыларды және өмірлік өзгерістерге бейімделу қабілетін қамтитынын көрсетеді.

Екінші көзқарас әлауқатты денсаулықтың бір көрінісі ретінде түсіндіреді. Мәселен, Дубровина (2020) психологиялық әлауқатты тұлғаның психологиялық денсаулығы жайлы айғақ санайды. Ал үшінші көзқарас алдыңғы екеуін жақындастыруға тырысады. Атап айтқанда, Martela мен Sheldon (2019) негізгі психологиялық қажеттіліктердің қанағаттануын эвдемониялық және субъективті әлауқатты біріктіретін ортақ негіз ретінде қарастырса, Medvedev пен Landhuis (2018) бақыт, өмірге қанағаттану, денсаулықты субъективті бағалау және әлеуметтік ахуалды әлауқаттың басты болжаушылары қатарына жатқызады.

Бұл үш көзқарастың арасындағы басты айырмашылық нақ өлшеу деңгейінде жатыр, сондықтан оны эмпирикалық түрде тексеруге болады. Егер әлауқат шынымен денсаулықтың көрсеткіші болса, онда екі әдістеменің нәтижелері арасында жоғары дәрежеде байланыс ($r > 0,60$) табылуға тиіс еді. Ал Keyes (2002) және Iasiello (2020) ұсынған екі континуум моделіне сүйенсек, бұл байланыс орташа деңгейде қалады. Дефицитарлық белгілердің жоқтығы позитивті функционалдаудың жоғары болатынына кепілдік бермейді. Демек, бұл теориялық таластартысты шешуге болатын нақты өлшем бар, ол – корреляция шамасы, және дәл осы көрсеткіш қазіргі зерттеуде тексеріледі.

Классикалық бағыттардың өзі де әлауқатты операциялдау тәсілі бойынша ерекшеленеді. Гуманистік психология шеңберінде (Maslow, 2011; Rogers, 2014) әлауқат өзін-өзі өзектендіру мен тұлғаның ішкі әлеуетін ашу үдерісімен байланыстырылады, яғни ол процесс есебінде қаралады. Ал позитивті психологияда, керісінше, Seligman (2011) көзқарасы бойынша, әлауқат – психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тұрақты тұлғалық ресурстардың жиынтығы, яғни нәтиже ретінде түсіндіріледі. Өзін-өзі тану теориясы адаптация мен тұлғалық өсудің шарттары ретінде дербестік, біліктілік және байланыстылық қажеттіліктерін бөліп көрсетеді (Deci & Ryan, 2000), ал экзистенциалдық бағытта өмірдегі мақсаттар мен өзін-өзі қабылдау көрсеткіштерінің төмендеуі мән-мағыналық интеграцияның тапшылығы ретінде түсіндіріледі (Frankl, 1963). Ресейлік психологияда психологиялық денсаулық бейімделу ресурстарын, эмоция тұрақтылығын және өзін-өзі реттеу қа-

білетін қамтитын тұлғаның интегративтік сипаттамасы ретінде қарастырылады (Асмолов, 2007; Братусь, 2009; Слободчиков, 2012).

Жоғарыда сипатталған бағыттарды салыстыра талдау үш қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, позициялар арасындағы айырмашылық терминологиялық емес, әдіснамалық сипатта: олар денсаулық пен әл-ауқат бір өлшемнің полюстері ме, әлде дербес континуумдар ма деген сұраққа әртүрлі жауап береді, және осы жауапқа қарай өлшеу стратегиясы да, күтілетін эмпирикалық заңдылықтар да өзгереді. Екіншіден, әр бағыттың өз осал тұсы бар: бір континуум моделі позитивті функционалдаудың дербес табиғатын ескермей, симптомсыздық пен гүлденуді іс жүзінде теңестіреді; екі континуум моделі, керісінше, екі құбылыстың эмпирикалық қиылысу аймағының мазмұнын түсіндіруде қиындыққа тап болады; интеграциялаушы тәсілдер тұжырымдамалық тұрғыдан тартымды болғанымен, әмбебап өлшеу құралдарымен әлі қамтамасыз етілмеген. Үшіншіден, бағыттардың бірде-біреуі байланыс құрылымын компоненттік деңгейде қай векторлардың әл-ауқаттың қай өлшемдерімен байланысты екенін жүйелі түрде тексермеген. Осы сәйкессіздіктер тікелей тексерілетін эмпирикалық сұрақ тудырады: денсаулық пен әл-ауқат арасындағы байланыс қандай сипатта? Егер жалпы байланыс орташа болып, ал жекелеген компоненттер бойынша біркелкі болмаса (бірімен күшті, бірімен әлсіз), бұл екеуін бөлек континуум деп қарастыратын модельді растайды. Ал егер байланыс барлық компоненттер бойынша бірдей күшті болса, онда екеуі бір өлшемнің әртүрлі полюстері деген модель дұрыс болып шығады. Біздің зерттеу осы сұраққа жауап беруге бағытталған.

К. Риффтің эвдемониялық моделі және оны өлшеу әдістемесі

Халықаралық бағыттарда психологиялық әл-ауқатты эвдемония тұрғысынан қарастыру кең таралған (Ryff, 1989). Бұл тұжырымдамада әл-ауқат бақыт сезімінен гөрі тұлғаның позитивті функционалдауы ретінде анықталады және алты өлшемді қамтиды. Дербестік сыртқы бағалауға тәуелсіз шешім қабылдау және өз мінез-құлқын ішкі критерийлер бойынша реттеу қабілетін білдіреді. Органы басқару өмірлік жағдайларды меңгеру және өз қажеттіліктеріне сай орта таңдау құзыретін қамтиды. Тұлғалық өсу дамудың үздіксіздігін сезіну және жаңа тәжірибеге ашықтық ретінде түсініледі. Өмірдегі мақсаттар өмірдің мағыналық бағдары мен ба-

ғыттылығын көрсетеді. Басқалармен позитивті қатынастар сенімге және эмпатияға негізделген байланыстарды сипаттайды. Өзін-өзі қабылдау өз тәжірибесіне, оның ішінде теріс жақтарына да позитивті көзқарасты білдіреді. Модельнің алты факторлы құрылымы бірқатар мәдениетаралық зерттеулерде расталған (Ryff & Keyes, 1995), дегенмен кейінгі шолуларда өлшемдер арасындағы жоғары корреляциялар және мәдени контекстке сезімталдық мәселесі талқыланады (Ryff, 2014). Қазіргі зерттеуде шкаланың Т.Д. Шевеленкова мен П.П. Фесенко бейімдеген 84 пункттен тұратын нұсқасы қолданылды (Шевеленкова & Фесенко, 2005), онда әр шкала 14 пунктпен, оның ішінде тікелей және кері тұжырымдалған пункттермен өлшенеді.

А.В. Козловтың векторлық моделі және шкалалардың бағыты

А.В. Козлов (2014) әзірлеген психологиялық денсаулықты диагностикалау әдістемесі тұлғалық бағдарлануды сегіз вектор арқылы сипаттайды, олар стратегиялық, әлеуметке бағдарланған, «Мен» векторы, шығармашылық, рухани, интеллектуалдық, отбасылық және гуманистік векторлар. Әдістеме нәтижелерін түсіндіру үшін принципті маңызы бар мынадай ерекшелікті атап өткен жөн: аталған шкалалар дефицитарлық бағытта құрылған, яғни вектор бойынша алынған жоғары мән тиісті салада ішкі шиырғудың, қанағаттанбаған қажеттіліктің және реттеу қиындықтарының басым екенін білдіреді, ал төмен мән сол саладағы салыстырмалы тепе-теңдікті көрсетеді. Дәл осы шкалалау логикасы келесі бөлімдерде сипатталатын корреляциялардың теріс таңбасын теориялық тұрғыдан күтілетін нәтижеге айналдырады. Әл-ауқат деңгейінің жоғарылауы дефицитарлық көріністердің төмендеуімен қатар жүруі тиіс. Бұл ретте екі әдістеме бір-бірін алмастырмайды. Козлов моделі тұлғалық функционалдаудың кемшілік аймақтарын тіркесе, Рифф шкаласы позитивті функционалдау ресурстарын өлшейді, демек олардың қатар қолданылуы екі континуумды модельні тікелей тексеруге мүмкіндік береді.

Қазақстандық зерттеулер контексті

Отандық шолулардың бірі Р.К. Аскарованың (2016) психологиялық әл-ауқат феноменін талдауға арналған еңбегі болып табылады, онда әл-ауқаттың негізгі компоненттері ретінде субъективті қанағаттану сезімі, өзін-өзі қабылдау және өмірлік мәнге бағытталған бағдарлар бөлініп көрсетіледі. Р.Ш. Сабирова мен бірлескен авторлардың (2023) зерттеуі қазақстандық жастардың

психологиялық әл-ауқаты мен діни сенім арасындағы байланысқа арналған және құндылық бағдарларының әл-ауқаттың субъективтік күйіне әсерін көрсетеді. Эмоционалдық қолайсыздықтың көрсеткіштері ретінде мазасыздық, қорқыныш, реніш және көңіл-күйдің тұрақсыздығы аталады (Андронникова, 2020), дегенмен мұндай белгілердің болмауы позитивті функционалдаудың жеткілікті шарты болып саналмайды. Аталған еңбектердің ортақ шектеуі олардың әл-ауқатты негізінен субъективті қанағаттану немесе күйзеліске төзімділік тұрғысынан қарастыруында, ал дефицитарлық көрсеткіштермен байланыстың құрылымын бір іріктемеде тікелей өлшемеуінде жатыр. Осылайша, жоғарыда аталған ғылыми олқылық қазақстандық контексте де сақталып отыр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу көлденең қималы корреляциялық дизайнда жүргізілді. Деректер Google form арқылы онлайн түрде, Этикалық комитеттің №IRB-A2028 рұқсатымен 2026 жылы сәуір-маусым айларында жиналды.

Зерттеуге бастапқыда 483 респондент қатысты. Өзін-өзі бағалауға негізделген көлемді сауалнамаларда деректердің бір бөлігі немқұрайды жауап берудің салдарынан жарамсыз болуы мүмкін екені белгілі, сондықтан талдау алдында жауаптардың сапасын бақылау рәсімі жүргізілді (Meade & Craig, 2012; Currán, 2016). Рәсім кезең-кезеңімен қолданылды. Бірінші кезеңде 25 жасқа толмаған респонденттердің хаттамалары шығарылды – ($n = 33$), өйткені зерттеудің нысаналы тобын кәмелетке толған мамандар құрайды. Екінші кезеңде жынысы туралы мәлімет көрсетілмеген хаттама шығарылды ($n = 1$). Үшінші кезеңде біркелкі жауап беру индексі бойынша, яғни негізгі шкала пункттеріне қатарынан он және одан көп бірдей жауап берілген хаттамалар, оның ішінде толық сәйкес келетін қайталанған хаттамалар, жарамсыз деп танылды ($n = 93$). Барлығы 127 хаттама, яғни бастапқы көлемнің 26,3% талдаудан алынып тасталды.

Осылайша түпкілікті талдамалық іріктемені 25 мен 75 жас аралығындағы 356 респондент құрады ($M = 41,42$; $SD = 15,13$; $Md = 41$). Іріктеменің 300 өкілі (84,3 %) әйелдер, 56-сы (15,7%-ы) ерлер. Жас топтары бойынша үлестірім салыстырмалы түрде теңгерілген. 25-28 жас аралығында 75 адам (21,1 %), 27-38 жаста 62 адам (17,4 %), 39-48 жаста 70 адам (19,7 %),

49-58 жаста 69 адам (19,4 %), 58 жастан жоғары топта 80 адам (22,5 %). Іріктеме жоғары оқу орындарының оқытушылық құрамы арасынан қолжетімділік бойынша қалыптастырылды.

Психодиагностикалық әдістемелер

Бірінші әдістеме «Психологиялық әл-ауқат шкаласы» (К. Рифф; Т.Д. Шевеленкова мен П.П.Фесенко бейімдеген). Әдістеме 84 пункттен тұрады, әр шкала 14 пунктпен өлшенеді. Кері тұжырымдалған пункттер балл есептеу алдында инверттелді, содан кейін әр шкала бойынша және жалпы көрсеткіш бойынша қосынды балл есептелді. Осы іріктемедегі ішкі келісімділік субшкалалар бойынша $\alpha = 0,697$ бен $0,787$ аралығында, интегралдық көрсеткіш бойынша $\alpha = 0,934$ (1-кесте), бұл топтық деңгейдегі талдау үшін жеткілікті деп бағаланады.

Екінші әдістеме психологиялық денсаулықты диагностикалау әдістемесі (А.В. Козлов). Әдістеме дихотомиялық пункттерден тұрады және сегіз векторды өлшейді, шкалалар дефицитарлық бағытта құрылған. Әдістеме толық көлемде, барлық 86 пункт бойынша қолданылды, респонденттерге ұсынылған электрондық сауалнама әдістемесінің кілтіне толық сәйкес келеді. Дихотомиялық пункттер жағдайында Кронбахтың α коэффициенті Кьюдер-Ричардсонның KR-20 формуласымен тең екенін ескерген жөн. Осы 86 пункттің бастапқы кілт бойынша есептелген шкалалардың ішкі келісімділігі жеткіліксіз болып шықты (α мәні $-0,104$ пен $0,515$ аралығында), сондықтан пункттік талдау жүргізілді. Стандартты рәсімге сәйкес, түзетілген «пункт пен қалған пункттер» корреляциясы теріс мәнге ие пункттер кезең-кезеңімен алынып тасталды. Барлығы 86 пункттің 13-і шығарылды, талдауда 73 пункт қалды. Түзетуден кейінгі ішкі келісімділік $\alpha = 0,307$ мен $0,515$ аралығында (1-кесте). Осыған байланысты іріктемеде эмпирикалық түрде түзетілген нұсқасы қолданылды. Ішкі келісімділіктің төмендігіне қарамастан, әдістемені қолдануды бірнеше себеп негіздейді. Біріншіден, А.В.Козлов әдістемесі психологиялық денсаулықты көпвекторлы құбылыс ретінде операциялдайтын және посткеңестік зерттеу кеңістігінде қолжетімді жалғыз құрал болып табылады; зерттеудің теориялық моделі дәл осы векторлық құрылымға сүйенеді, ал қазақстандық іріктемеде валидацияланған балама құрал қазіргі уақытта жоқ. Екіншіден, α коэффициентінің төмен мәні ішінара әдістеменің құрылымдық ерекшеліктері мен түсіндіріледі: пункттердің дихотомиялық

форматы мен субшкалалардың қысқалығы Кронбах альфасының (KR-20) мәнін жүйелі түрде төмендетеді, өйткені α пункттер санына және олардың жауап шкаласының дискреттілігіне тікелей тәуелді. Үшіншіден, төмен сенімділіктің салдары қорытындылардың бағытына емес, консервативтілігіне әсер етеді: өлшеу қателігі аттенуация әсерінен корреляция мен регрессия коэффициенттерін нөлге қарай ығыстырады, демек алынған бағалар шынайы байланыстардың төменгі шегі ретінде қарастырылуы тиіс, ал жалған оң нәтиже ықтималдығы бұл жағдайда артпайды.

Деректер SPSS Statistics 15.0 бағдарламасында және Python ортасында өңделді. Байланыстар Пирсонның r коэффициентімен бағаланды, байланыс күші Коэн критерийлері бойынша түсіндірілді, оған сәйкес r шамамен 0,10 әлсіз, 0,30 орташа, 0,50 күшті байланысқа сәйкес келеді (Cohen, 1988). Әрбір корреляция үшін детерминация коэффициенті (r^2) және Фишердің z -түрлендіруі негізінде 95% сенімділік аралығы есептелді. Барлығы 56 корреляция есептелгендіктен, I текті қатенің жинақталуын болдырмау

мақсатында екі түзету қатар қолданылды. Консервативті Бонферрони түзетуі бойынша түзетілген маңыздылық деңгейі $\alpha = 0,05/56 = 0,00089$ құрады, бұл $N = 356$ үшін $r = 0,175$ сыни мәніне сәйкес келеді. Жалған ашылымдар үлесін бақылайтын Бенджамини-Хохберг рәсімі $q < 0,05$ деңгейінде қолданылды (Benjamini & Hochberg, 1995). Векторлардың әл-ауқатқа қосатын бірлескен үлесін бағалау үшін иерархиялық көп өлшемді регрессиялық талдау жүргізілді. Бірінші қадамда демографиялық айнымалылар (жас, жыныс), екінші қадамда сегіз вектор енгізілді. Мультиколлинеарлық дисперсияны ұлғайту факторымен (VIF), қалдықтардың тәуелсіздігі Дарбин-Уотсон критерийімен тексерілді. Қосымша жас топтары бойынша айырмашылықтар бір факторлы дисперсиялық талдау арқылы бағаланды.

Нәтижелер мен талқылау

Талдаудың бірінші кезеңінде шкалалардың сипаттамалық көрсеткіштері мен ішкі келісімділігі бағаланды (1-кесте).

1-кесте

Шкалалардың сипаттамалық статистикасы және ішкі келісімділігі ($N = 356$)

Шкала	k	M	SD	Асимметрия	Экссесс	α
Позитивті қатынастар	14	59,21	8,62	0,02	-0,36	0,743
Дербестік	14	57,47	8,22	0,24	0,34	0,715
Органы басқару	14	58,24	8,23	-0,08	-0,11	0,738
Тұлғалық өсу	14	61,12	7,54	0,04	0,18	0,697
Өмірдегі мақсаттар	14	61,32	8,29	-0,15	-0,08	0,771
Өзін-өзі қабылдау	14	59,35	8,86	-0,37	0,48	0,787
Жалпы көрсеткіш	84	356,71	40,74	0,14	-0,32	0,934
Стратегиялық	12	8,39	1,00	-0,06	-0,32	0,419
Әлеуметке бағдарланған	11	7,06	0,94	0,51	-0,06	0,456
«Мен» векторы	5	3,39	0,65	0,43	-0,51	0,490
Шығармашылық	9	6,75	0,85	0,02	-0,31	0,361
Рухани	10	6,53	0,87	0,37	-0,03	0,412
Интеллектуалдық	10	7,17	0,96	-0,07	-0,35	0,449
Отбасылық	9	5,99	0,93	0,55	-0,30	0,515

Ескертпе: k пункттер саны. Алғашқы жеті жол Рифф шкаласына, кейінгі сегіз жол Козлов әдістемесінің векторларына қатысты. Козлов векторлары үшін пункттік талдаудан кейінгі мәндер келтірілген.

1-кестеден көрініп тұрғандай, Рифф шкаласының барлық көрсеткіштері қанағаттанарлық ішкі келісімділікке ие, ал интегралдық көрсеткіштің сенімділігі жоғары. Козлов әдістемесінің векторлары бойынша сенімділік едәуір төмен, бұл ішінара пункттердің дихотомиялық сипатымен және субшкалалардың қысқалығымен түсіндіріледі. Барлық шкалалардың таралымы

қалыпты таралымнан елеулі ауытқымайды, сондықтан кейінгі талдауда параметрлік әдістер қолданылды.

Корреляциялық талдау психологиялық әл-ауқат көрсеткіштері мен психологиялық денсаулық векторлары арасында көптеген статистикалық маңызды өзара байланыстар бар екенін көрсетті (2-кесте, 1-сурет).

2-кесте

Психологиялық әл-ауқат пен психологиялық денсаулық векторларының корреляциялары (Пирсонның r коэффициенті, $N = 356$)

Шкала	Стратег.	Әлеум. бағд.	«Мен»	Шығарм.	Рухани	Интел.	Отбас.	Гуман.
PU_PO Позитивті қатынастар	-0,427*	-0,362*	-0,102	-0,342*	-0,284*	-0,316*	-0,023	-0,195*
PU_Av Дербестік	-0,384*	-0,260*	-0,147	-0,212*	-0,193*	-0,348*	0,059	-0,043
PU_Us Органы басқару	-0,505*	-0,400*	-0,164	-0,342*	-0,332*	-0,384*	0,006	-0,240*
PU_LR Тұлғалық өсу	-0,322*	-0,336*	-0,107	-0,298*	-0,278*	-0,330*	-0,001	-0,203*
PU_TsZh Өмірдегі мақсаттар	-0,457*	-0,387*	-0,108	-0,342*	-0,280*	-0,378*	0,002	-0,235*
PU_S Өзін-өзі қабылдау	-0,390*	-0,329*	-0,174	-0,401*	-0,322*	-0,368*	0,057	-0,189*
Жалпы көрсеткіш	-0,507*	-0,422*	-0,164	-0,396*	-0,345*	-0,433*	0,021	-0,225*

Ескертпе: Бонферрони түзетуінен кейін де маңыздылығын сақтаған коэффициенттер (түзетілген $\alpha = 0,00089$; сыни мән $r \geq 0,175$). Барлығы 56 корреляцияның 41-і Бонферрони критерийін, 45-і Бенджамини-Хохберг критерийін ($q < 0,05$) қанағаттандырады.

Нәтижелерді түсіндірмес бұрын корреляциялардың таңбасына қатысты мәселені нақтылау қажет. А.В. Козлов әдістемесінің шкалалары дефицитарлық бағытта құрылғандықтан, вектор бойынша жоғары мән тиісті салада ішкі ширығудың басым екенін білдіреді. Демек әл-ауқат көрсеткіштерімен теріс байланыс теориялық тұрғыдан күтілетін нәтиже болып саналады, өйткені позитивті функционалдау ресурстарының

артуы дефицитарлық көріністердің азаюымен қатар жүруге тиіс. Егер байланыстар оң болса, бұл әдістемелердің бірінің шкалалау логикасына қайшы келер еді.

Байланыстардың шамасы Коэн критерийлері тұрғысынан орташа деңгейден орташадан жоғары деңгейге дейінгі диапазонда орналасады. Интегралдық көрсеткіш үшін әсер мөлшерлері мен сенімділік аралықтары 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

Психологиялық әл-ауқаттың интегралдық көрсеткіші үшін әсер мөлшерлері мен 95 % сенімділік аралықтары ($N = 356$)

Вектор	r	r^2 , %	95% СА	Түзету
Стратегиялық	-0,507	25,7	[-0,581; -0,426]	Б, БХ
Интеллектуалдық	-0,433	18,7	[-0,514; -0,344]	Б, БХ
Әлеуметке бағдарланған	-0,422	17,8	[-0,504; -0,333]	Б, БХ
Шығармашылық	-0,396	15,7	[-0,480; -0,305]	Б, БХ
Рухани	-0,345	11,9	[-0,433; -0,250]	Б, БХ

Вектор	r	r ² , %	95% СА	Түзету
Гуманистік	-0,225	5,1	[-0,321; -0,124]	Б, БХ
«Мен» векторы	-0,164	2,7	[-0,263; -0,061]	БХ
Отбасылық	0,021	0,0	[-0,084; 0,124]	жоқ

Ескертпе: r² түсіндіретін дисперсия үлесі. СА Фишердің z-түрлендіруі негізінде есептелген сенімділік аралығы. Б Бонферрони критерийі, БХ Бенджамини-Хохберг критерийі.

Психологиялық әл-ауқаттың интегралдық көрсеткіші үшін ең күшті байланыстар стратегиялық ($r = -0,507$; $r^2 = 25,7\%$), интеллектуалдық ($r = -0,433$), әлеуметке бағдарланған ($r = -0,422$), шығармашылық ($r = -0,396$) және рухани ($r = -0,345$) векторлармен тіркелді. Ең күшті байланыстардың дәл стратегиялық, интеллектуалдық және әлеуметке бағдарланған векторлармен тіркелуі Н1 болжамын растайды.

Жекелеген компоненттер деңгейінде ең сезімтал шкала болып ортаны басқару шығады, ол стратегиялық ($r = -0,505$), әлеуметке бағдарланған ($r = -0,400$) және интеллектуалдық ($r = -0,376$) векторлармен ең күшті байланыстардың бірін көрсетеді. Одан кейін өмірдегі мақсаттар шкаласы орналасады (стратегиялық вектормен $r = -0,457$; интеллектуалдық вектормен $r = -0,388$). Дербестік шкаласы үшін ең күшті байланыс интеллектуалдық вектормен анықталды ($r = -0,346$), ал өзін-өзі қабылдау шкаласы шығармашылық вектормен ерекше тығыз байланысады ($r = -0,401$). Бұл құрылым мазмұндық тұрғыдан дәйекті көрінеді, өйткені өз ортасын бақылау сезімі мен өмірлік бағдардың айқындығы дефицитарлық күйлердің өзегіне барынша жақын орналасқан.


Жалпы заңдылықтан тек бір вектор тыс қалды. Отбасылық вектор бойынша байланыстар нөлге жақын және статистикалық маңыздылыққа жетпейді (интегралдық көрсеткіш үшін $r = 0,021$; $p = 0,698$). Осылайша Н2 болжамы расталмады. Отбасылық вектор психологиялық әл-ауқаттың интегралдық көрсеткішімен статистикалық маңызды байланыс көрсетпеді, демек оның ресурстық функциясы туралы бастапқы болжам осы деректерде эмпирикалық қолдау таппады. Мұндағы тұжырым нөлдік нәтиженің өзімен шектеледі, яғни отбасылық вектордың әл-ауқатқа қорғаушы ықпалы туралы қорытынды жасау

ға негіз жоқ. Гуманистік вектор бұған қарағанда өзгеше көрініс көрсетеді. Жұптық деңгейде ол интегралдық көрсеткішпен әлсіз, дегенмен статистикалық маңызды теріс байланыс береді ($r = -0,225$; $r^2 = 5,1\%$), әрі бұл байланыс екі түзетуден де өтеді. Осы нәтижені төменде жеке қарастырамыз.

«Мен» векторының байланыстары аралық жағдайда қалды. Олар мазмұндық тұрғыдан жалпы заңдылыққа сәйкес теріс бағытта, дегенмен шамасы бойынша әлсіз (r мәні 0,10 мен 0,17 аралығында) және Бонферрони критерийінен төмен түседі. Аталған нәтиже екі түзетуді қатар қолданудың пайдасын көрсетеді. Консервативті Бонферрони критерийі бойынша бұл байланыстар маңыздылыққа жетпейді, ал Бенджамини-Хохберг рәсімі бойынша олардың бір бөлігі маңызды болып қалады. Демек оларды түпкілікті тұжырым ретінде қабылдағаннан гөрі, кейінгі тексеруді қажет ететін үрдіс ретінде қарастырылған жөн.

Ең жоғары шама болып тіркелген $r = -0,507$ мәні ортақ дисперсияның шамамен төрттен бірін ғана түсіндіреді. Демек Н3 болжамының сандық шарты орындалды, яғни екі әдістеме ішінара қабаттасатын, дегенмен бір-біріне сәйкес келмейтін құрылымдарды өлшейді. Бұл жерде тұжырымның шегін нақты белгілеген жөн. Алынған нәтижелер екі континуумды тәсілмен үйлеседі және оның ішінара эмпирикалық қолдауын көрсетеді, дегенмен корреляция шамасының өзі аталған модельнің толыққанды сынағы болып саналмайды. Екі континуумды құрылымды нақты тексеру растаушы факторлық талдауды немесе латентті профильдік талдауды қажет етеді, ал мұндай тексеру осы жұмыстың дизайнынан тыс қалады (Keyes, 2002; Iasiello et al., 2020).

Алынған байланыстардың жалпы құрылымы 1-суретте көрнекі түрде берілген.

1-суретКорреляциялық матрицаның жылу картасы ($N = 356$)

Ескертпе: $N = 356$ — статистикалық талдауға енгізілген респонденттер саны. Түс қанықтығы корреляциялық байланыстың күшін көрсетеді

1-суретте көк реңк теріс, қызыл реңк оң байланыстарды білдіреді, түстің қанықтығы байланыс күшіне сәйкес келеді. Көрініс үш заңдылықты көрнекі түрде растайды. Біріншіден, байланыстардың басым бөлігі теріс бағытта. Екіншіден, ең қанық аймақ стратегиялық вектор бағанында шоғырланған. Үшіншіден, отбасылық вектордың бағаны іс жүзінде бейтарап болып қалады, ал гуманистік вектордың бағаны орташадан әлсіз, дегенмен тұрақты теріс реңкте көрінеді.

Регрессиялық талдау нәтижелері

Корреляциялық талдау жұптық байланыстарды сипаттағанымен, векторлардың бірлескен үлесін бағалауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан келесі кезеңде иерархиялық көп өлшемді регрессия жүргізілді, онда тәуелді айнымалы ретінде психологиялық әл-ауқаттың интегралдық көрсеткіші алынды (4-кесте).

Регрессиялық модель психологиялық әл-ауқат дисперсиясының 45,5 %-ын түсіндіреді, ал сегіз вектордың қосылуы демографиялық айнымалылардан кейін түсіндірілетін дисперсияны 40,0% тармаққа арттырады. Барлық VIF мәндері 1,59-дан аспайды, демек мультиколлинеарлық

проблема тудырмайды. Дарбин-Уотсон көрсеткіші қалдықтардың тәуелсіздігін растайды.

Регрессия нәтижелері корреляциялық талдаудың қорытындыларын нақтылайды. Ең күшті дербес болжаушы стратегиялық вектор ($\beta = -0,297$), одан кейін шығармашылық ($\beta = -0,233$) және «Мен» векторы ($\beta = -0,174$) орналасады. Назар аударарлық жайт, «Мен» векторы жұптық корреляция деңгейінде әлсіз байланыс көрсеткенімен, өзге векторлар бақылған жағдайда маңызды дербес үлес қосады. Бұл оның әсері басқа векторлармен ортақ дисперсияға байланысты бастапқы талдауда байқалмай қалатынын көрсетеді. Керісінше, әлеуметке бағдарланған және интеллектуалдық векторлардың дербес үлесі олардың жұптық корреляцияларынан едәуір төмен, демек бұл екі вектордың әл-ауқатпен байланысы едәуір дәрежеде стратегиялық вектормен ортақ дисперсия арқылы жүзеге асады. Отбасылық вектор регрессия деңгейінде де маңызды үлес қоспайды, бұл H_2 болжамының расталмағанын қосымша растайды. Гуманистік вектордың жағдайы неғұрлым қызық. Жұптық корреляция деңгейінде маңызды болған байланыс ($r = -0,225$) рег-

рессияда толығымен жоғалады ($\beta = 0,012$; $p = 0,790$). Бұл дегеніміз, гуманистік вектордың әл-ауқатпен байланысы дербес сипатта болмайды. Ол толығымен басқа, күштірек векторлармен, ең алдымен стратегиялық және шығармашы-

лық векторлармен ортақ дисперсия арқылы жүзеге асады. Гуманистік бағдарлану дербес ресурс ретінде әрекет етпейді. Ол көбіне жалпы дефицитарлық фонның бір көрінісі ретінде әл-ауқатпен байланысады.

4-кесте

Психологиялық әл-ауқаттың интегралдық көрсеткішін болжайтын иерархиялық регрессия нәтижелері ($N = 356$)

Предиктор	β	SE	t	p	VIF
1-қадам ($R^2 = 0,055$)					
Жас	0,231	0,052	4,46	< 0,001	
Жыныс	0,044	0,052	0,84	0,399	
2-қадам ($R^2 = 0,455$; $\Delta R^2 = 0,400$)					
Жас	0,140	0,043	3,27	0,001	1,16
Жыныс	-0,018	0,041	-0,45	0,656	1,06
Стратегиялық	-0,295	0,050	-5,91	< 0,001	1,58
Әлеуметке бағдарланған	-0,112	0,050	-2,24	0,026	1,59
«Мен» векторы	-0,169	0,045	-3,80	< 0,001	1,25
Шығармашылық	-0,237	0,044	-5,34	< 0,001	1,25
Рухани	-0,109	0,046	-2,37	0,019	1,35
Интеллектуалдық	-0,156	0,046	-3,36	0,001	1,37
Отбасылық	0,075	0,046	1,64	0,101	1,32
Гуманистік	0,012	0,044	0,27	0,790	1,23

Ескертпе: β стандартталған регрессиялық коэффициент. Модель жалпы маңызды, $F(10, 345) = 28,77$; $p < 0,001$; түзетілген $R^2 = 0,439$. ΔR^2 үшін $F(8, 345) = 31,60$; $p < 0,001$. Дарбин-Уотсон көрсеткіші 1,94.

Жас факторы дербес маңызды болып қалады ($\beta = 0,136$), яғни жасы үлкен респонденттерде әл-ауқат деңгейі жоғарырақ. Бұл заңдылық дисперсиялық талдаумен де расталады. 18-30 жас тобында әл-ауқаттың орташа деңгейі 342,4 ($SD = 43,7$), 31-45 жас тобында 361,0 ($SD = 43,1$), 46 жастан жоғары топта 363,8 ($SD = 34,1$); $F(2, 353) = 9,72$; $p < 0,001$; $\eta^2 = 0,052$. Жыныстық айырмашылықтар статистикалық маңыздылыққа жетпеді ($t = -0,78$; $p = 0,435$; $d = -0,11$).

Талқылау. Зерттеуде табылған ең айқын байланыстың өзі ортақ дисперсияның төрттен бірін ғана түсіндіреді. Қалған басым бөлігі екі әдістеменің бір-бірінен тәуелсіз тіркейтін ақпаратына тиесілі. Психологиялық әл-ауқатты психологиялық денсаулықтың индикаторы деп қарайтын тәсіл (Дубровина, 2020) екі әдістемедің нәтижелері арасында әлдеқайда тығыз сәйкестікті талап етер еді, өйткені бір өлшемнің қарама-қарсы екі шетін өлшейтін әдістемелер мұндай дәрежеде алшақтай алмайды. Алынған шама екі кон-

тинуумды модельнің болжамымен әлдеқайда жақсы үйлеседі (Keyes, 2002; Iasiello et al., 2020).

Leonardi мен Astuti (2023) тіркеген айқын байланысты ($r = -0,522$) біздің деректерге қайшы деп қарауға негіз аз. Ол жұмыста әл-ауқат ағымдағы еңбек стресімен салыстырылған, ал стресс адамның сол сәттегі психологиялық жағдайын білдіреді. Вектор болса салыстырмалы тұрақты бағдарлануды сипаттайды. Жағдай мен жалпы бағалау бір уақыттық шеңберде тұрғандықтан, олардың арасындағы байланыс әрқашан тығыз-ырақ болып шығады. Ruini және бірлескен авторлар (2003) алған орташа деңгейдегі байланыс осы түсіндіруді қолдайды. Демек, әдебиеттегі коэффициенттердің әркелкілігі құбылыстардың тұрақсыздығынан гөрі өлшеу деңгейлерінің әртүрлілігінен туындайды.

Ортаны басқару шкаласының ерекше сезімталдығы басқа іріктемелерде алынған деректермен де үйлеседі. Kaur, Khosla және Siddiqui (2024) педагог мамандар арасында кәсіби стрес-

сорлардың Рифф шкаласының алты өлшемімен теріс байланысатынын көрсетті, ал ең айқын әсер ортаны басқару мен өмірдегі мақсаттар бойынша тіркелді. Orellana (2020) эмоционалдық қажу мен әл-ауқаттың байланысын зерттей отырып, тұлғалық жетістіктер саласындағы өзгерістерді ең сезімтал көрсеткіш ретінде бөліп көрсетті. Аталған екі жұмыс та біздің деректермен бір бағытта орналасады, дегенмен маңызды айырмашылық бар. Ол зерттеулерде тәуелсіз айнымалы ретінде кәсіби күйзелістің тікелей көрсеткіштері алынған, ал біздің жұмыста тұлғалық бағдарланудың салыстырмалы тұрақты векторлары қолданылды. Осындай айырмашылыққа қарамастан ең сезімтал шкаланың бірдей болып шығуы кездейсоқтық болып көрінбейді. Ол ортаны басқарудың кәсіби контекст пен тұлғалық ресурстардың түйіскен нүктесінде орналасқанын, демек оның әртүрлі сипаттағы жүктеме-лерге бірінші болып жауап беретінін көрсетеді.

Қиылыспаған дисперсияның мазмұны туралы сұрақ жеке қарауды қажет етеді. Рифф шкаласын толтырған адам өз өмірін тұтастай алып, оны артқа және алға қарап бағалайды, яғни белгілі бір мағыналық қорытынды шығарады. Козлов әдістемесі осы сәттегі ішкі ширығуды тіркейді. Оқытушылармен жұмыс жасайтын психолог мұндай ширығудың көбіне адамның сол салаға деген үлкен жауапкершілігінен туындайтынын жиі байқайды. Дәрісіне жауапкершілікпен қарайтын, студентінің нәтижесін жүрегіне жақын алатын оқытушы сол салада ширығуды да көбірек сезінеді, ал салқынқанды қарайтын әріптесінде мұндай ширығу төмен болуы мүмкін. Сондықтан дефицитарлық көрсеткішті әл-ауқаттың төмендігінің тікелей белгісі деп оқығаннан гөрі, шектен тыс жауапкершіліктің адамға түсіретін салмағы ретінде түсінген орынды. Осы тұжырым екі өлшемнің неге тек ішінара сәйкес келетінін теориялық тұрғыдан түсіндіреді.

Қиылысу аймағының психологиялық мазмұны

Интегралдық көрсеткіш үшін де, регрессия деңгейінде де бірінші орында стратегиялық вектор түр, ал Рифф шкалалары арасында онымен ең тығыз байланысатындары ортаны басқару ($r = -0,505$) және өмірдегі мақсаттар ($r = -0,457$) болып шықты. Үш өлшемнің де ортақ психологиялық өзегі бар. Үшеуі де адамның өз өмірін уақыт бойында ұстап тұру және сол ұстанымның авторы ретінде өзін сезіну қабілетіне қатысты. Бұл көрініс оқытушылардың нақты жұмыс жағдайымен жақсы үйлеседі. Оқытушының күні бөлшектенген күйде өтеді, дәріс, эдвайзерлік

міндеттер, есеп беру, платформа толтыру бірінің үстіне бірі жиналады, ал бұл жүктеменің ырғағын көбіне басқа адамдар белгілейді. Мұндай жағдайда бірінші болып құлдырайтын нәрсе «өз уақытын билеу сезімі», яғни Рифф терминологиясындағы «ортаны басқару». Ол әлсірегенде өмірдегі мақсаттар шкаласы да ілесіп төмендейді, өйткені мақсатқа жету үшін адамға көкжиек керек, ал көкжиек жоспарлау мүмкіндігінен туады. Осы тұрғыдан стратегиялық ширығу мен ортаны басқарудың байланысы статистикалық кездейсоқтық болып көрінбейді, ол бір ғана өмірлік процестің, яғни өз уақытына билік ету сезімінің жоғалуының, екі түрлі көрінісі.

Бұл қорытынды Риффтің (2014) пікірімен сәйкес келеді. Ол ортаны басқару мен өмірдегі мақсаттарды сыртқы жағдайларға ең көп тәуелді өлшемдер деп есептейді. Сондай-ақ бұл өзін-өзі анықтау теориясындағы (Deci & Ryan, 2000) дербестік пен біліктілік қажеттіліктерінің маңызды екенімен де үйлеседі. Екі әдістеме агенттік реттелу аймағында түйіседі. Демек, психологиялық сүйемелдеу жұмысында бірінші кезекте жоспарлау, шекара қою, жүктемені бөлу және ортаны ұйымдастыру дағдыларын дамыту керек, ал эмоцияны реттеу техникалары екінші орында тұруы мүмкін. Өзін-өзі қабылдау үшін ең күшті байланыс шығармашылық вектормен тіркелген ($r = -0,401$), ал регрессияда осы вектор екінші дербес болжаушы болып шықты ($\beta = -0,233$). Мұны гуманистік бағыт тұрғысынан оқуға болады. Іске аспаған әлеует адамда жоспарлаудың сәтсіздігі түрінде тіркелмейді, ол өзі туралы үкім түрінде бастан кешіріледі. Оқытушы өз бойында әлдеқайда көп нәрсе бар деп сезінсе, жаза алатынын, зерттей алатынын, жасай алатынын білсе, бірақ бұған жағдай да, күш те жетпесе, мұндай тәжірибе алдымен өзін қабылдау деңгейіне соққы береді. Роджерс сипаттаған нақты «Мен» мен әлеуетті «Мен» арасындағы алшақтық осы жерде тікелей көрінеді (Maslow, 2011; Rogers, 2014). Аталған байланыс жалпы агенттік өзектен тыс жатыр және өзін-өзі қабылдаудың өзге өлшемдерден бөлек психологиялық табиғаты бар екенін көрсетеді.

Отбасылық және гуманистік векторлар бойынша нәтижелер

H2 болжамының расталмауы, яғни отбасылық вектор бойынша байланыстардың табылмауы, алғашқы қарағанда әлеуметтік қолдау туралы әдебиетке қайшы көрінеді. Мұндай нөлдік нәтижені түсіндіруге тырысу оны қайта түсіндіріп жіберу қаупін туғызатындықтан, алдымен

тұжырымның шегін нақтылаған жөн. Деректер отбасылық вектордың әл-ауқатпен байланысы жоқ екенін ғана көрсетеді, ал төменде келтірілетін шектеулер кейінгі зерттеулерде тексерілуге тиіс болжамдар ретінде ұсынылады. Бұл ретте нәтижені өлшеу қатесіне жатқызуға негіз жоқ. Аталған шкала Козлов әдістемесінің сегіз векторының ішінде ең жоғары ішкі келісімділікке ие ($\alpha = 0,515$), таралымы қалыпты, дисперсиясы жеткілікті. Ықтимал себепті конструктінің өзінен іздеуге болады. Вектор адамның отбасы саласына қаншалықты бұрылғанын, яғни тартылыс дәрежесін өлшейді, ал әл-ауқатпен байланысатын нәрсе сол саладан алынатын қолдаудың субъективті сапасы болуы мүмкін. Бұл айырмашылық зерттелген іріктемеде айрықша мәнге ие. Іріктеменің 84,3 %ы әйелдер, барлығы білім беру саласында жұмыс істейді. Мұндай маман үшін үйге оралу бір адамға тыныштықпен қалпына келу мүмкіндігін берсе, екіншісіне кешкі екінші ауысымның басталуын білдіреді. Бір саладағы екі әріптестің бірі отбасынан күш алып жүрсе, екіншісі сол саладан қосымша міндеттеме мен кінә сезімін алып жүруі мүмкін. Егер іріктемеде байланыс таңбасы қарама-қарсы осындай екі топша болса, олардың қосындысы нөлге жақындар еді. Аталған механизм қазіргі деректермен тексерілмегенін, демек ол бақыланған нөлдік нәтиженің ықтимал түсіндірмелерінің бірі ғана екенін атап өткен жөн. Осылайша отбасын автоматты түрде қорғаушы фактор деп қарайтын тәсіл бір-бірінен ажыратылуға тиіс екі құбылысты, яғни тартылыс пен қолдауды, біріктіріп жіберген болуы ықтимал. Аталған болжам тікелей тексерілетін сипатта және модерациялық талдауды әрі алынған қолдаудың сапасын өлшейтін бөлек әдістемеді қажет етеді.

Гуманистік вектор жағдайында көрініс күрделірек. Түзетуден кейін шкала жеті пункттен тұрады, стандартты ауытқуы шағын ($SD = 0,66$), ал асимметриясы ($0,27$) мен эксцесі ($0,16$) басқа шкалалармен салыстырғанда қалыпты диапазонда жатыр. Дегенмен, дисперсиясы шектеулі болғанына қарамастан, интегралдық көрсеткішпен байланыс статистикалық маңызды болып шықты ($r = -0,225$; $p < 0,001$) және екі түзетуден де өтті. Бұл жұптық деңгейдегі байланыс регрессия деңгейінде толығымен жоғалатыны жоғарыда көрсетілді, яғни гуманистік вектордың әл-ауқатпен байланысы дербес сипатта болмайды. Ол стратегиялық және шығармашылық векторлармен ортақ дисперсия арқылы жанама түрде жүзеге асады. Мұндай көрініс гуманистік

бағдарлануды дербес ресурстан гөрі жалпы дефицитарлық фонның бір көрінісі ретінде қарастыруды ұсынады.

Жас бойынша айырмашылықтың екі ықтимал көзі

Жасы үлкен респонденттерде әл-ауқат деңгейінің жоғары болуын ($\beta = 0,136$; $\eta^2 = 0,052$) екі түрлі жолмен түсіндіруге болады. Бірінші түсіндіру бойынша, бұл дамудың нәтижесі: жыл өткен сайын адам өмірлік тәжірибе жинайды, өз шегін біледі, жүктемені қалай бөлуді үйренеді, өзіне қоятын талабын шындыққа жақындатады, сондықтан ортаны басқару және өзін-өзі қабылдау сияқты көрсеткіштер жасы үлкен адамдарда күшейеді (Ryff, 2014). Екінші түсіндіру бойынша, бұл іріктелу әсері: оқытушылар арасында жасы үлкендер – мамандықта қалып қойған адамдар, ал ең қиын кезеңге шыдай алмағандар жұмыстан алғашқы жылдары-ақ кетіп қалады, сол себепті жасы үлкен топтың жоғары көрсеткіші олардың дамығанының емес, сол ортада аман қалғанының белгісі болуы мүмкін; біздің зерттеу дизайны (көлденең қималы) бұл екі түсіндірудің қайсысы дұрыс екенін анықтай алмайды, ал айырмашылықтың практикалық маңызы зор – егер бірінші түсіндіру дұрыс болса, жас мамандарға уақытша қолдау керек, ал егер екінші түсіндіру дұрыс болса, мәселе адамда емес жүйеде, сондықтан назар маманның дағдысына емес, ұйымдастырушылық жағдайларға аударылуы керек, ал бұл сұрақты соңғы шешу үшін уақыт бойы бақылайтын зерттеу және кәсіптен кету туралы деректер қажет.

Зерттеу шектеулері

Көлденең қималы дизайн айнымалылар арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтауға мүмкіндік бермейді. Психологиялық денсаулық векторлары мен әл-ауқат арасындағы тіркелген байланыстар өзара бағытталған немесе үшінші факторлармен (мысалы, тұрақты тұлғалық қасиеттермен, еңбек жағдайларымен) шартталған болуы мүмкін. Сондықтан регрессиялық модельдегі «болжағыш – тәуелді айнымалы» қатынасы тек статистикалық мағынада түсіндірілуі тиіс.

Барлық деректер өзін-өзі бағалауға негізделген әдістемелермен жиналды. Бұл әлеуметтік қалаулылық әсерін және ортақ әдіс дисперсиясының байланыс күшін жасанды түрде арттыру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Іріктеме қолжетімділік принципі бойынша онлайн форматта қалыптастырылды және оның 84,3 %-ын әйелдер құрады. Бұл нәтижелердің Қазақстанның

барлық жоғары оқу орындары оқытушыларына жалпылануын шектейді: ерлер басым іріктеме-лерде және өзге өңірлік жоғары оқу орындарында байланыс құрылымы өзгеше болуы мүмкін. Қолданылған құралдардың психометриялық сипаттамаларына қатысты неғұрлым елеулі шектеу орын алды. А.В. Козлов әдістемесінің шкалалары пункттік талдау нәтижесінде 13 пункт алынып тасталғаннан кейін де ішкі келісімділігі төмен деңгейде қалды ($\alpha = 0,307-0,515$). Мұның үш түрлі салдары бар: 1. өлшеу қателігі аттенуация құбылысы арқылы корреляция мен регрессия коэффициенттерін жүйелі түрде төмендетеді, яғни шынайы байланыстардың күші алынған бағалардан жоғары болуы әбден мүмкін. 2. жекелеген векторлардың регрессиялық үлестерінің салыстырмалы шамасы тұрақты болмауы ықтимал, сол себепті векторлардың дербес үлестері жайлы қорытындылар алдын ала, эксплораторлық сипатта қабылдануы керек. 3. пункттерді алып тастау шкалалардың мазмұндық қамтуын өзгертіп жіберуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде әдістеменің бастапқы нұсқасын пайдаланған басқа зерттеулермен нәтижелерді салыстыруды қиындатады. Осы үш себепті ескере отырып, вектор деңгейіндегі нәтижелер тек топтық деңгейде ғана түсіндірілді. Ryff шкаласына келер болсақ, оның сенімділігі жеткілікті жоғары болды (субшкалалар бойынша $\alpha = 0,697-0,787$, ал интегралдық көрсеткіш бойынша $\alpha = 0,934$), сондықтан тәуелді айнымалы тарапынан өлшеу қателігінің әсері айтарлықтай аз. Сонымен қатар деректер бір ғана уақыт кесіндісінде – 2026 жылдың сәуір-маусым айларында жиналды. Осыған байланысты оқу жылының циклымен байланысты жағдайлық факторлардың, атап айтқанда емтихан сессиясы мен жұмыс жүктемесінің маусымдық шыңының әсерін толықтай жоққа шығаруға болмайды.

Қорытынды

Зерттеудің мақсаты жоғары оқу орны оқытушыларында психологиялық денсаулық векторлары мен психологиялық әл-ауқат компоненттері арасындағы байланыстың сипатын, күшін және құрылымын анықтау болды. Мақсатқа жету үшін көлденең қималы корреляциялық дизайн, деректер сапасын бақылау рәсімі, психометриялық талдау, әсер мөлшерлері мен сенімділік аралықтарын келтіре отырып жүргізілген корреляциялық талдау және иерархиялық көп өлшемді регрессия қолданылды.

Нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды: Біріншіден, психологиялық әл-ауқат пен психологиялық денсаулықтың дефицитарлық векторлары арасындағы байланыстар жүйелі, теріс бағытта және біркелкі шамада болмай шықты. Ең айқын байланыстар стратегиялық, интеллектуалдық және әлеуметке бағдарланған векторлармен тіркелді, бұл Н1 болжамын растайды. Екіншіден, отбасылық вектордың ресурстық функциясы туралы Н2 болжамы расталмады, өйткені бұл вектор бойынша байланыстар нөлге жақын болып қалды және регрессия деңгейінде де маңызды үлес бермеді. Үшіншіден, байланыстардың шамасы орташа деңгейден аспайды және ең күшті байланыстың өзі ортақ дисперсияның төрттен бірін ғана түсіндіреді, бұл Н3 болжамының сандық шартын орындайды әрі психикалық денсаулықтың екі континуумды тәсілімен үйлеседі. Аталған нәтижені осы модельнің ішінара эмпирикалық қолдауы ретінде қарастырған жөн, өйткені оны толық тексеру латентті құрылымды талдауды қажет етеді. Төртіншіден, сегіз вектор мен демографиялық айнымалылар бірлесіп әл-ауқат дисперсиясының 45,5 %-ын түсіндіреді, ал ең күшті дербес болжаушылар стратегиялық және шығармашылық векторлар болып табылады.

Теориялық тұрғыдан бұл жұмыстың негізгі нәтижесі екі құбылыстың байланысын олардың қай жерде қиылысып, қай жерде қиылыспайтынын көрсетуге болады. Екі әдістеме бір-бірімен адам өз өмірін уақыт бойында ұстап тұра ма, өз шешімдерінің иесі ретінде өзін сезіне ме деген өлшемдерде қиылысады. Бұндай құбылысты «агенттік-уақыттық өзін-өзі реттеу» деп атаймыз. Ал эмоция мен адамдармен жылы қарым-қатынас сияқты жақтар бұл қиылысу аймағына кірмейді. Осыған сәйкес дефицитарлық көрсеткішті тиісті салаға тартылудың адамға түсіретін салмағы ретінде түсіндіру ұсынылады, ал мұндай оқылым екі өлшемнің неге тек ішінара сәйкес келетінін түсіндіреді. Әдіснамалық тұрғыдан А.В. Козлов пен К. Рифф әдістемелерінің конвергенттілігі ішінара расталды, олар ортақ аймақты өлшейді, дегенмен бір-бірін алмастыра алмайды.

Практикалық тұрғыдан нәтижелер психологиялық сүйемелдеу бағдарламаларының басым бағыттарын нақтылайды. Ең күшті байланыстар ортаны басқару және өмірлік мақсаттылық шкалалары бойынша анықталғандықтан, алдын алу жұмысы дәл осы құзыреттерді дамытуға бағытталуға тиіс, ал жас мамандар тәуекел тобы ретінде айрықша назарды қажет етеді.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Көлденең қималы дизайн себеп-салдарлық қорытынды жасауға негіз бермейді. Барлық көрсеткіштер өзін-өзі бағалау әдістемелерімен алынған, сондықтан ортақ әдіс дисперсиясының әсерін жоққа шығаруға болмайды. А.В. Козлов әдістемесі шкалаларының ішкі келісімділігі түзетуден кейін де төмен болып қалды, демек вектор деңгейіндегі қорытындылар алдын ала сипатта болып саналуға тиіс, дегенмен өлшеу сенімділігінің төмендігі бақыланатын корреляцияларды жүйелі түрде әлсірететінін ескерсек, нақты байланыстардың шамасы осы жұмыста тіркелген мәндерден төмен болмауы ықтимал. Іріктеме жынысы бойынша теңгерілмеген (84,3 %-ы әйелдер) және қолжетімділік бойынша қалыптастырылған, сондықтан нәтижелерді барлық оқытушылар құрамына таратуда сақтық қажет. Деректер сапасын бақылау рәсімінің өзі ықтимал ауытқу көзі болып табылады, өйткені алынып тасталған 127 хаттаманың арасында дефицитарлық көрсеткіштері ең жоғары респонденттердің үлесі көбірек болуы мүмкін, мұндай жағдайда талданған іріктеме салыстырмалы түрде сау жаққа ығысып, тіркелген байланыстар шынайы шамасынан әлсіздеу болып шығуы ықтимал. Қорытындылай келе, талдау жеке адам деңгейінде

жүргізілді, ал еңбек жүктемесі мен ұжымдағы қолдау сияқты ұйымдастырушылық айнымалылар ескерілмеді, табылған заңдылықтардың бір бөлігі дәл осы деңгейде түсіндірілуі мүмкін.

Авторлардың үлесі

Лиясова Айгуль Амангельдиевна – зерттеудің жалпы мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру, деректерді басқару қызметі, зерттеу деректерін талдау немесе біріктіру үшін статистикалық әдістерді қолдану, зерттеу процессін жүргізу, қолжазбаның бастапқы нұсқасын дайындау және жазу.

Баймолдина Лаура Оразбековна – әдістемені әзірлеу, зерттеу қызметін жоспарлау, нәтижелердің қайталануы мен қайта өндірілуін тексеру.

Абсатарова Гүлбану Пернекуловна – деректерді визуализациялау, зерттеу қызметін үйлестіру, деректерді тазалау және сақтау.

Керимбаева Рысты Қалдыбекқызы – идеялар, зерттеудің жалпы мақсаттарын қалыптастыру, деректерді жинау.

Жамирова Улмекен – бастапқы зерттеу тобы мүшелері тарапынан жарияланған жұмысты сыни шолу, түзету, зерттеу қызметін орындауға жетекшілік ету, бақылау.

References

- Agyapong, B., Obuobi-Donkor, G., Burbach, L., & Wei, Y. (2022). Stress, burnout, anxiety and depression among teachers. A scoping review. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 19(17), 10706. <https://doi.org/10.3390/ijerph191710706>
- Andronnikova, O.O. (2020). Psihologicheskaja sluzhba v sisteme vysshego obrazovanija, problemy i aktual'nye zadachi [Psychological service in the system of higher education, problems and current tasks]. *Vestnik prakticheskoy psihologii obrazovanija*, 17(1), 85-94. <https://doi.org/10.17759/bppe.2020170110>
- Askarova, R.K. (2016). Psihologicheskij analiz fenomena «psihologicheskoe blagopoluchie» [Psychological analysis of the phenomenon of «psychological well-being»]. *The Journal of Psychology and Sociology*, 4(59), 26-32.
- Asmolov, A.G. (2007). *Psihologija lichnosti. Kul'turno-istoricheskoe ponimanie razvitiya cheloveka* [Personality psychology. A cultural-historical understanding of human development]. Moscow, Smysl, 528.
- Benjamini, Y., & Hochberg, Y. (1995). Controlling the false discovery rate: A practical and powerful approach to multiple testing. *Journal of the Royal Statistical Society, Series B*, 57(1), 289-300. <https://doi.org/10.1111/j.2517-6161.1995.tb02031.x>
- Bratus, B.S. (2009). *Anomalii lichnosti* [Personality anomalies]. Moscow, Smysl, 301.
- Cilar Budler, L. (2025). Well-being unveiled. A concept analysis of mental, psychological, and subjective well-being. *Health Science Reports*, 8(9), e71149. <https://doi.org/10.1002/hsr2.71149>
- Cohen, J. (1988). *Statistical power analysis for the behavioral sciences (2nd ed.)*. Hillsdale, NJ, Lawrence Erlbaum Associates, 567.
- Coronel-Santos, M.A., & Rodríguez-Macias, J.C. (2022). Integral definition and conceptual model of mental health. Proposal from a systematic review of different paradigms. *Frontiers in Sociology*, 7, 978804. <https://doi.org/10.3389/fsoc.2022.978804>
- Curran, P.G. (2016). Methods for the detection of carelessly invalid responses in survey data. *Journal of Experimental Social Psychology*, 66, 4-19. <https://doi.org/10.1016/j.jesp.2015.07.006>
- Deci, E.L., & Ryan, R.M. (2000). The «what» and «why» of goal pursuits. Human needs and the self-determination of behavior. *Psychological Inquiry*, 11(4), 227-268. https://doi.org/10.1207/S15327965PLI1104_01
- Dubrovina, I.V. (2020). Fenomen «psihologicheskoe blagopoluchie» v kontekste social'noj situacii razvitiya [The phenomenon of «psychological well-being» in the context of the social situation of development]. *Vestnik prakticheskoy psihologii obrazovanija*, 17(3), 9-21. <https://doi.org/10.17759/bppe.2020170301>

- Frankl, V.E. (1963). *Man's search for meaning*. Boston, Beacon Press, 224.
- Iasiello, M., van Agteren, J., & Muir-Cochrane, E. (2020). Mental health and/or mental illness. A scoping review of the evidence and implications of the dual-continua model of mental health. *Evidence Base*, 2020(1), 1-45. <https://doi.org/10.21307/eb-2020-001>
- Kaur, M., Khosla, R., & Siddiqui, M. (2024). Impact of job stress on psychological well-being of teachers. *International Research Journal of Advanced Engineering and Management*, 2(3), 504-515. <https://doi.org/10.47392/IRJAEM.2024.0071>
- Keyes, C.L.M. (2002). The mental health continuum. From languishing to flourishing in life. *Journal of Health and Social Behavior*, 43(2), 207-222. <https://doi.org/10.2307/3090197>
- Kodeks Respubliki Kazakhstan (2020). Halyq densaulygy zhane densaulyq saqtau zhuiesi turaly, Kodeks ot 7 ijulja 2020 goda No 360-VI [On public health and the healthcare system, Code No. 360-VI of 7 July 2020]. *Adilet Legal Information System*. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000360> (access date: 03.08.2026).
- Kozlov, A.V. (2014). Metodika diagnostiki psihologicheskogo zdorov'ia [The technique of psychological health diagnostics]. *Perspektivy nauki i obrazovaniia*, 6(12), 110-117. (in Russian)
- Leonardi, F.N., & Astuti, N.W. (2023). Hubungan stres kerja dengan kesejahteraan psikologis guru [The relationship between work stress and teachers' psychological well-being]. *Provita, Jurnal Psikologi Pendidikan*, 16(2), 26-37. <https://doi.org/10.24912/provita.v16i2.26700> (in Indonesian)
- Martela, F., & Sheldon, K.M. (2019). Clarifying the concept of well-being. Psychological need satisfaction as the common core connecting eudaimonic and subjective well-being. *Review of General Psychology*, 23(4), 458-474. <https://doi.org/10.1177/1089268019880886>
- Maslow, A.H. (2011). *Toward a psychology of being*. New York, Start Publishing, 310.
- Meade, A.W., & Craig, S.B. (2012). Identifying careless responses in survey data. *Psychological Methods*, 17(3), 437-455. <https://doi.org/10.1037/a0028085>
- Medvedev, O.N., & Landhuis, C.E. (2018). Exploring constructs of well-being, happiness and quality of life. *PeerJ*, 6, e4903. <https://doi.org/10.7717/peerj.4903>
- Orellana, G. (2020). Burnout y bienestar psicológico en docentes de tres colegios privados de la ciudad de Guatemala [Burnout and psychological well-being in teachers of three private schools in Guatemala City]. *Perspectivas, Propuestas de Investigación en Psicología*, 38, 1-15. <https://doi.org/10.36631/RPH.2022.04.03>
- Rogers, C.R. (2014). *On becoming a person*. London, Constable, 420.
- Ruini, C., Ottolini, F., Rafanelli, C., Tossani, E., Ryff, C.D., & Fava, G.A. (2003). The relationship of psychological well-being to distress and personality. *Psychotherapy and Psychosomatics*, 72(5), 268-275. <https://doi.org/10.1159/000071898>
- Ryff, C.D. (1989). Happiness is everything, or is it? Explorations on the meaning of psychological well-being. *Journal of Personality and Social Psychology*, 57(6), 1069-1081. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.57.6.1069>
- Ryff, C.D. (2014). Psychological well-being revisited. Advances in the science and practice of eudaimonia. *Psychotherapy and Psychosomatics*, 83(1), 10-28. <https://doi.org/10.1159/000353263>
- Ryff, C.D., & Keyes, C.L.M. (1995). The structure of psychological well-being revisited. *Journal of Personality and Social Psychology*, 69(4), 719-727. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.69.4.719>
- Sabirova, R.Sh., Alimbayeva, R.T., Kapbassova, G.B., Lazareva, E.A., & Kapasheva, G.A. (2023). Psihologicheskoe blagopoluchie kazhstanskoy molodezhi v kontekste religioznoj very [Psychological well-being of Kazakhstani youth in the context of religious faith]. *The Journal of Psychology and Sociology*, 87(4), 50-63. <https://doi.org/10.26577/JPSS.2023.v87.i4.06>
- Seligman, M.E.P. (2011). *Flourish. A visionary new understanding of happiness and well-being*. New York, Free Press, 349.
- Shevelenkova, T.D., & Fesenko, P.P. (2005). Metodika issledovaniya psihologicheskogo blagopoluchija lichnosti [A method for studying the psychological well-being of the personality]. *Psihologicheskaja diagnostika*, 3, 95-129. (in Russian)
- Slobodchikov, V.I. (2012). *Psihologicheskaja antropologija i problemy razvitiya cheloveka* [Psychological anthropology and problems of human development]. Moscow, Shkol'naja pressa, 232.

Авторлар туралы мәлімет:

Лиясова Айгуль Амангельдиевна (корреспонденттік автор) – жалпы және қолданбалы психология кафедрасының докторанты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: aigulkaznu.80@mail.ru).

Баймолдина Лаура Оразбековна – PhD, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: laura.baimoldina@kaznu.edu.kz).

Абсатарова Гүлбану Пернекуловна – коммуникативтік дағдылар кафедрасы меңгерушісінің м.а., С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: absatarova.g@kaznu.kz).

Керимбаева Рысты Қалдыбекқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Әлеуметтік психология» кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан, e-mail: risti1971@mail.ru).

Жамирова Улмекен – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Әлеуметтік психология» кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан, e-mail: zhamirova_1978@mail.ru).

Information about the authors:

Liyassova Aigul (corresponding author) – PhD student at the Department of General and Applied Psychology, Farabi University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: aigulkaznu.80@mail.ru).

Baimoldina Laura Orazbekovna – PhD, Associate Professor, Senior Lecturer at the Department of General and Applied Psychology, Farabi University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: laura.baimoldina@kaznu.edu.kz).

Absatarova Gulbanu Pernekulovna – Acting Head of the Department of Communication Skills, S.D. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: absatarova.g@kaznmu.kz).

Kerimbayeva Rysty Kaldybekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor at the Department of Social Psychology, Taraz University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan, e-mail: risti1971@mail.ru).

Zhamirova Ulmeken – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor at the Department of Social Psychology, Taraz University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan, e-mail: zhamirova_1978@mail.ru).

Сведения об авторах:

Лиясова Айгуль Амангельдиевна (автор-корреспондент) – докторант кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: aigulkaznu.80@mail.ru).

Баймолдина Лаура Оразбековна – PhD, ассоциированный профессор кафедры общей и прикладной психологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: laura.baimoldina@kaznu.edu.kz).

Абсатарова Гулбану Пернекуловна – и. о. заведующего кафедрой коммуникативных навыков, Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова (Алматы, Казахстан, e-mail: absatarova.g@kaznmu.kz).

Керимбаева Рысты Калдыбековна – кандидат педагогических наук, доцент кафедры социальной психологии, Таразский университет им. М.Х. Дулати (Тараз, Казахстан, e-mail: risti1971@mail.ru).

Жамирова Улмекен – кандидат педагогических наук, доцент кафедры социальной психологии, Таразский университет им. М.Х. Дулати (Тараз, Казахстан, e-mail: zhamirova_1978@mail.ru).

*Келін түсті: 17 сәуір 2026 жыл
Қабылданды: 25 тамыз 2026 жыл*